

 Жусупов М.Г.
" 30 " 07 2026 г.

"LIFE-Персона" өмірді сақтандыру бағдарламасы бойынша негізгі ақпараттық құжат¹. /

Ключевой информационный документ по программе страхования
Страхование жизни "LIFE-Персона"

1.	Сақтандырушы / Страховщик	"Халык-Life" АҚ / АО "Халык-Life"
2.	Сақтанушы / Страхователь	Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға (жеке немесе заңды тұлға). / Лицо, заключившее договор страхования со Страховщиком (физическое или юридическое лицо).
3.	Сақтандырылушы / Застрахованный	Төмендегі талаптарға сәйкес келетін жеке тұлға: 1) жасы 18-ден 50 жасқа дейін; 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған кездегі жасы 60 жастан аспауы тиіс. / Физическое лицо, соответствующее ниже перечисленным условиям: 1) возможный возраст от 18 до 50 лет; 2) возраст Застрахованного по окончании действия договора страхования не должен превышать 60 лет.
4.	Пайда алушы / Выгодоприобретатель	1) «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша – Сақтанушы. 2) «Кез келген себептен қайтыс болуы (ауру, жазатайым оқиға)» және «Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде жазатайым оқиға (ЖО) салдарынан сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайлары бойынша – егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтанушының өтініші негізінде және Сақтандырылушының келісімімен тағайындалады. / 1) По страховому случаю "Дожитие Застрахованного до конца срока страхования" – Страхователь. 2) По страховому случаю "Смерть по любой причине (заболевание, несчастный случай)", "Смерть Застрахованного, наступившая в период действия страховой защиты в результате несчастного случая (НС)" - назначается Страхователем в заявлении на страхование с согласия Застрахованного, если Страхователь не является Застрахованным.
5.	Сақтандыру аумағы / Территория страхования	Бүкіл әлем, тәулігіне 24 сағат / Весь мир, 24 часа в сутки
6.	Сақтандыру жағдайы, сақтандыру төлемдері / Страховой случай, страховая выплата	1) «Кез келген себептен қайтыс болуы (ауру, жазатайым оқиға)» және «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі Полисте көрсетілген сақтандыру сомасына тең. 2) «Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде жазатайым оқиға салдарынан сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі Полисте көрсетілген сақтандыру сомасына тең. Негізгі сақтандыру қамтулары: 1. Кез келген себептен қайтыс болуы (ауру, жазатайым оқиға). 2. Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі. Қосымша сақтандыру қамтулары (автоматты түрде енгізіледі): Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде сақтандырылушының қайтыс болуы. / 1) Размер страховой выплаты при наступлении страхового случая "Смерть по любой причине (заболевание, несчастный случай)" и "Дожитие Застрахованного до конца срока страхования" равен размеру страховой суммы, указанной в Полисе. 2) Размер страховой выплаты при наступлении страхового случая "Смерть Застрахованного, наступившая в период действия страховой защиты, в результате

¹ Негізгі ақпараттық құжат (НАК) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы №25 «Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіліктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленді.

		НС", равен размеру страховой суммы, указанной в Полисе. Основное страховое покрытие: 1. Смерть по любой причине (заболевание, несчастный случай) 2. Дожитие Застрахованного до конца срока страхования Дополнительное страховое покрытие (включено автоматически) Смерть Застрахованного, наступившая в период действия страховой защиты в результате несчастного случая (НС)
7.	Сақтандыру сомасы / Страховая сумма	1) «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі» қамтуы бойынша – негізгі сақтандыру қамтуы үшін төленген сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшеріне тең. 2) «Кез келген себептен қайтыс болуы» қамтуы бойынша – 500 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін. 3) «Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде сақтандырылушының қайтыс болуы» қамтуы бойынша – 500 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін / 1) Страховая сумма по покрытию «Дожитие Застрахованного до конца срока страхования» - равна размеру оплаченной страховой премии по основному страховому покрытию (страховых взносов) 2) Страховая сумма по покрытию «Смерть по любой причине» - от 500 000 теңге до 10 000 000 теңге 3) Страховая сумма по покрытию «Смерть Застрахованного, наступившая в период действия страховой защиты, в результате НС» – от 500 000 теңге до 10 000 000 теңге;
8.	Сақтандыру сыйақысы және сақтандыру сыйақысын төлеу тәртіптері / Страховая премия, порядок уплаты страховой премии	Ең төменгі сақтандыру сыйлықақысы: a) жылдық – 60 000 теңге; b) жартыжылдық – 30 000 теңге; c) тоқсан сайын – 15 000 теңге; d) ай сайын – 5 000 теңге; e) біржолғы – 300 000 теңге. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімділігі: a) біржолғы; b) жыл сайын; c) жарты жылда бір рет; d) тоқсан сайын; e) ай сайын. Сақтандыру жарналары тиісті сақтандыру кезеңі басталғанға дейін төленеді / Минимальная страховая премия: a) годовая – 60 000 теңге; b) полугодовая – 30 000 теңге; c) квартальная – 15 000 теңге; d) ежемесячная – 5 000 теңге e) единовременно – 300 000 теңге Периодичность оплаты страховой премии: a) единовременно; b) ежегодно; c) раз в полгода; d) ежеквартально; e) ежемесячно Страховые взносы уплачиваются до начала периода, которому такой взнос соответствует.
9.	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру сомасын, сақтандыру төлемін және сатып алу сомасын қайта есептеу шарттары / Условия перерасчета страховой премии, страховой суммы, страховой выплаты и выкупной суммы по договору страхования	
10.	Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі / Срок действия договора страхования	5-15 жыл / 5 – 15 лет
11.	Сақтандыру төлемдерінің мөлшері / Размер страховой выплаты	
12.	Сақтандыру жағдайларына жатпайтын жағдайлар / Исключения из	1. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадай негіздер болуы мүмкін: 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі,

страховых случаев	сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы, сондай-ақ Сақтандыру қағидаларына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуға тиіс өзге де мәліметтер туралы көрінеу жалған ақпарат ұсынуы. Бұл ретте, егер Сақтандырушы осы негіз бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартса, Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты Сақтандырушының шығыстарын шегергендегі сатып алу сомасын алуға құқылы. Мұндай шығыстар сатып алу сомасының 15 %-ын құрайды; 2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге кедергі келтіруі; 3) Сақтанушының Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген талаптарға сәйкес және Сақтандыру қағидаларында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламауы. 2. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шарты үздіксіз қолданылған алғашқы екі жыл ішінде төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде орын алса, онда «Кез келген себеп бойынша қайтыс болу» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі сатып алу сомасына тең болады: Сақтандырылған адамның өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет жасауы; АИТВ-инфекциясын (ВИЧ-инфекциясын) жұқтыруы; қатерлі ісіктің пайда болуына байланысты ауруға шалдығуы. 3. «Кез келген себептен қайтыс болу» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері, егер сақтандыру жағдайы растайтын құжаттар болған кезде төменде көрсетілген мән-жайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, сақтандыру жағдайы басталған күнгі сатып алу сомасына тең болады: а) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері; б) әскери іс-қимылдар, Сақтандырылушының әскери құрамалардағы қызметі; в) азаматтық соғыс, кез келген сипаттағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер; г) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда (растайтын құжаттар болған кезде); д) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қасақана жасалған қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтары деп танылған және сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланысы бар әрекеттері; е) лицензияланған әуе компаниясының жолаушылар әуе кемесінен басқа кез келген ұшу аппаратында Сақтандырылушының ұшуы; ж) Сақтандырылушының орта немесе ауыр дәрежедегі алкогольдік масаң күйде болуы, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуы, егер бұл сақтандыру жағдайының туындауына себеп болса немесе онымен себеп-салдарлық байланыста болса, медициналық ұйымның білікті дәрігері тағайындаған дәрілік препараттарды қолдану жағдайларын қоспағанда; сондай-ақ алкоголизм және алкогольді жүйелі түрде тұтынумен байланысты дамыған, алкогольді пайдаланумен себеп-салдарлық байланысы бар аурулар; з) Сақтандырылушының Сақтандыру ережелерінде көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы. «Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы» қосымша сақтандыру қамтуы бойынша жоғарыда көрсетілген 2 және 3-тармақтарда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды. Сақтандыруға қабылданбайтын тұлғалар: 1) мүгедектігі бар адамдар; 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған адамдар; 3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан адамдар; 4) АИТВ жұқтырған адамдар; онкологиялық аурулары бар адамдар. <i>1. Основанием для отказа Страховщика в осуществлении страховой выплаты может быть следующее:</i> <i>1) сообщение Страхователем Страховщику заведомо ложных сведений об объекте страхования, страховом риске, страховом случае и его последствиях, а также иных сведений, которые в соответствии с Правилами страхования должны быть предоставлены Страховщику. При этом, в случае отказа Страховщиком в осуществлении страховой выплаты в соответствии с данным основанием Страхователь (Выгодоприобретатель) имеет право на получение выкупной суммы за вычетом издержек Страховщика в связи с досрочным прекращением договора страхования в размере 15 % от выкупной суммы;</i> <i>2) воспрепятствование Страхователем Страховщику в расследовании обстоятельств наступления страхового случая;</i> <i>3) неуведомление Страховщика о наступлении страхового случая в срок, установленный Правилами страхования на условиях, установленных статьей 835 Гражданского кодекса Республики Казахстан;</i> <i>2. Размер страховой выплаты равен выкупной сумме на дату наступления страхового случая "Смерть по любой причине" в течение первых двух лет непрерывного действия</i>
-------------------	--

		договора страхования, если страховой случай наступил прямо или косвенно в результате следующих событий: самоубийства или попытки самоубийства Застрахованного; заболевания ВИЧ-инфекцией; заболевания, связанного с возникновением злокачественного новообразования. 3. Размер страховой выплаты равен выкупной сумме на дату наступления страхового случая "Смерть по любой причине", если страховой случай, при наличии подтверждающих документов, прямо или косвенно связан с: а) воздействием ядерного взрыва, радиации или радиоактивного заражения; б) военными действиями, службы Застрахованного в военных формированиях; в) гражданской войной, народными волнениями всякого рода, массовыми беспорядками или забастовками; г) умышленными действиями Страхователя, Застрахованного и/или Выгодоприобретателя, направленными на возникновение страхового случая либо способствующими его наступлению, за исключением действий, совершенных в состоянии необходимой обороны и крайней необходимости (при наличии подтверждающих документов); д) действиями Страхователя, Застрахованного и/или Выгодоприобретателя, признанными в установленном законодательными актами порядке умышленными уголовными или административными правонарушениями, находящимися в причинной связи со страховым случаем; е) полетом Застрахованного на любом летательном аппарате, кроме воздушного пассажирского судна лицензированной авиакомпании; ж) нахождением Застрахованного в состоянии от средней и выше степени алкогольного опьянения, нахождением Застрахованного в состоянии наркотического, токсикоманического или иного опьянения, приведшем к наступлению страхового случая либо состоящем с ним в причинно-следственной связи, за исключением случаев употребления лекарств, назначенных квалифицированным врачом медицинского учреждения; алкоголизма, заболеваний имеющих причинно-следственную связь с употреблением алкоголя, развитие которых связано с систематическим употреблением алкоголя; з) совершением Застрахованным опасных (экстремальных) действий, предусмотренных Правилами страхования; По дополнительному покрытию «Смерть Застрахованного, наступившая в период действия страховой защиты, в результате НС», по п. 2,3 – страховая выплата не осуществляется. Не принимаются на страхование: 1) инвалиды; 2) лица, состоящие на учёте в психоневрологическом диспансере; 3) лица, отбывающие наказание за совершение уголовных преступлений в учреждениях уголовно-исполнительной системы; 4) ВИЧ-инфицированные лица; лица, имеющие онкологические заболевания
13.	Сақтандыру шартын бұзу кезіндегі ерекшеліктер / Особенности при расторжении договора страхования	